



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 26 ақпан

2018 жылғы 16 ақпаннан 23 ақпан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

23 ақпандағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,1%-ға (319,42-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 319,65 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 16 ақпаннан 23 ақпан аралығындағы маңызды оқиғалар ФРЖ мен ЕОБ-нің қаңтардағы отырысының хаттамасын жария ету, Жапония мен Еуроаймақтағы инфляцияның өсуі бойынша экономикалық деректер, ФРЖ өкілдерінің АҚШ-тың монетарлық саясаты мен экономикалық өсуіне қатысты түсініктемелері болды. Осы факторлар әлемдік нарықтарда АҚШ долларының нығаюына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Индонезия рупиясы** Индонезияның бағалы қағаздарын бірінші маусымнан бастап Bloomberg Barclays жаһандық біріктірілген индекске енгізуге қарамастан 1,1%-ға (13 524-тен 13 668-ге дейін) әлсіреді. Бір аптаның ішінде валюта бағамына инвесторлардың индонезия рупийін сатуы және АҚШ долларының нығаюы айтарлықтай қысым көрсетті.

- **Түрік лирасы** Түрік Республикасы мен Сирия арасындағы геосаяси тәуекелдің күннен күнге үдеуі шеңберінде 1,1%-ға (3,75-тен 3,79-ға дейін) әлсіреді;

- **Үндістан рупиясы** шетел валютасымен қарыз алу рәсімін қатаңдату және мемлекет меншігіндегі ірілігі бойынша екінші орындағы банктен 1,8 млрд. АҚШ долларының ұрлануы туралы пайда болған ақпараттың аясында 0,8%-ға (64,22-ден 64,73-ке дейін) әлсіреді. Сондай-ақ, реттеуші экономиканы фискалдық саясатпен ынталандыруға байланысты инфляцияның өсуіне алаңдаушылық білдірді;

- **Бразилия реалы** Fitch рейтингтік агенттігінің елдің тәуелсіз кредиттік рейтингін «BB» - ден «BB-»-ке дейін төмендету аясында 0,3%-ға (3,23-тен 3,24-ке дейін) әлсіреді;

- **Мексика песосы** 0,2%-ға (18,52-ден 18,55-ке) дейін әлсіреді;

- **Оңтүстік Африка рэнді** 0,3%-ға (11,60-тан 11,56-ға) дейін нығайды;

- **Ресей рублі** S&P рейтингтік агенттігінің елдің тәуелсіз кредиттік рейтингін алыпсатарлық «BB+» -тен «BBB-» инвестициялық деңгейге дейін көтеру аясында 0,5%-ға (56,42 -ден 56,13-ке дейін) нығайды.

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.



Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz